

Көше атауын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 18 наурыздағы N 5 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 26 сәуірде N 7-8-106 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабын, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасын, 2009 жылдың 20 қазанындағы Жаңажол ауылының халық жиынының N 27 хаттамасын басшылыққа алып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Жаңажол ауылдық округі Жаңажол ауылындағы Қараөзен көшесінің атауы Елеусін Кенжеғалиев болып өзгертілсін.

2. Осы шешімінің қабылдануына байланысты туындайтын шараларды жүзеге асыру ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Б. Хайруллинге тапсырылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңажол ауылдық округі әкімі Т. Габдушев